

Коктемеде келген көріктілер күріімен!



SAQSHY



№ 9/4799/сәрсенбі, 6 наурыз 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.polisia.kz

МЕРГЕН ҚЫЗДАР АНЫҚТАЛДЫ



Мұндай жарыстар қызметтік-қолданбалы спорт түрлерін насихаттау және ведомство қызметкерлері арасында кәсіби шеберлік деңгейін арттыру мақсатында өткізіледі, – деп атап өтті ПД Арнайы және жұмылдыру даярлығы басқармасы бастығының міндетін атқарушы Мұхит Бөлегенов.

Жарыс қорытындысы бойынша Арнайы және жұмылдыру даярлығы басқармасының аға инспекторы Жұлдыз Шомпиева жеңіске жетті. Екінші орынға Тәрбие және кадр жұмысы басқармасының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Әсем Мұхамадиева ие болды.

Тартысты додада Көксу АПБ ювеналды полиция аға инспекторы Әсем Әсілбекова 3-орынды иеленді. Жеңімпаздарға Құрмет грамотасы, кубок, медаль, сондай-ақ бағалы сыйлық табыс етілді.

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Жетісу облыстық полиция департаментінде қызмет ететін қыз-келіншектер арасында қарудан оқ ату бойынша жарыс ұйымдастырылды. Бұл жарысқа 16 әйел полицей қатысты.

Меруерт МОРЯКОВА,
Жетісу облысы

Саптағы нәзік жандардың мергендігін шыңдау бағытындағы сайыс жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Полиция департаментінің қызметкерлері айына екі рет тапаншадан атудың даярлық сабағынан өтіп, жаттығып, тәжірибелерін шыңдап тұрады.

– Жарыс департаменттің атыс тирінде өтті. «Үздік мерген» атағы үшін облыстық департаменттің әртүрлі бөлімшелерінен 16 сақшы қыз-келіншек бақтарын сынады.




Теміржолдағы тәртіпсіздікке тосқауыл ➤ 3-бет



Спортты серік еткен сақшы қыз ➤ 4-бет



Президенттен алғыс алған полицей ➤ 6-бет



Шартарапқа аян шаңғы полициясы ➤ 7-бет



ЖЕТІ КҮН



✓ ИИМ-де Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті басшылығы АҚШ Әділет министрлігінің Есірткіге қарсы күрес басқармасының (DEA) Қазақстандағы өкілдігінің аттасшы Кармен Дешепломен кездесті.

Департамент бастығының орынбасары Бақытжан Әмірханов кездесуге қатысушыларды есірткі қылмысына және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл шаралары, оның ішінде Үкімет пен елдің мүдделі органдары қабылдайтын шаралар туралы хабардар етті. Кармен Дешепло жиналғандарды өзінің қызметтік міндеттерімен, сондай-ақ DEA жаңадан келген қызметкерлерімен таныстырды. Кездесуде есірткіге қарсы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, Қазақстан өкілдерін синтетикалық есірткіге қарсы күрес, оның ішінде интернет-ресурстарды пайдалану арқылы есірткі зертханаларын қауіпсіз тексеру бойынша оқыту мәселесі талқыланды. Тараптар есірткі бизнесімен күресте өзара іс-қимылды жандандыру және өзекті ақпаратпен тұрақты негізде алмасу қажеттігі туралы қорытындыға келді. Кездесу өзара түсіністік пен сындарлы диалог форматында өтті.

✓ Ішкі істер министрлігі бопсалаушылар тобын анықтауға және олардың жолын кесуге ерекше назар аударады. Жыл басынан бері ИИМ-нің ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бөліністері 130-дан астам осындай фактіні анықтап, жолын кесті. Оның ішінде қылмыстық топтармен жасалған деректер де бар.

– 8 ақпанда «Ауыр қылмыс жасады» деген күдікке ілінген Қызылорда облысының алты тұрғыны Астана-Павлодар автожолында ұсталды. Олар екі танысын көлікке күштеп отырғызып, пәтерге әкеліп, ұрып-соғып, қару-жарақпен қорқытқан. Жәбірленушілерді екі күн бойы ұстап, 300 мың теңге мен ұялы телефондарын тартып алған. Сонымен қатар тағы бір миллион теңге талап еткен. Жәбірленушілердің бірі қашпақ болып бесінші қабаттан секіріп, көптеген жарақат алды. Күдіктілер екінші жәбірленушіні көлікке отырғызып алып, ізін суытпақ болған кезде ұсталды. Бұл дерек бойынша Қылмыстық кодекстің бірнеше бабымен қылмыстық іс тергеліп жатыр. Сонымен қатар Оралда полиция қызметкерлері колледж студенттерінен құралған қылмыстық топты ұстады. Олар бопсалау, тонау және алаяқтықпен айналысқан. Барлық факті бойынша күдіктілер ұсталды. Тергеу мүддесінде өзге ақпарат жарияланбайды, – деді ИИМ ресми өкілі Шыңғыс Алекешев.

✓ Жыл басынан бері елордада камералардың көмегімен 423 қылмыс ашылды. Бейнебақылау жүйесі – қоғамдық тәртіпті қорғауға, қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтауға және жолын кесуге бағытталған техникалық құралдардың құрамдас бөлігі. Қазіргі уақытта елорданың жедел басқару орталығында 33 мыңнан астам камера орнатылды. Олардың бір бөлігі мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бағдарламалары аясында орнатылған. Жыл басынан бері жедел басқару орталығының және басқа да қызметтердің қызметкерлері бейнекамералардың көмегімен 423 қылмысты анықтады. Сондай-ақ төрт мыңнан астам әкімшілік құқық бұзушылық тіркелген.

✓ Шымкентте полиция қызметкерлері такси жолаушысынан құны 30 млн. теңге болатын «синтетика» тәркіледі. Аса ірі көлемдегі синтетикалық есірткіні қалааралық такси жолаушысы Алматыдан алып келе жатқан. Жолаушының күдік тудырған әрекеті туралы полицияға басқа жүргізуші хабарлады. Мұны сезген есірткі тасымалдаушы жақын маңдағы бағдаршамда көліктен шығып, белгісіз бағытта бой тасалаған. Оқиға орнына жедел жеткен сақшылар көліктің жүк салғышында қалған ер адамның сөмкесінен скотчпен оралған үлкен ораманы тапты. Орама ішінен ұнтақ салынған үш пакет шығып, олар тексеру үшін тәркіленді. Тәркіленген заттың массасы 1,5 келіге жуық мефедрон психотроптық есірткі екені сараптама қорытындысымен расталды. Іздестіру іс-шараларының нәтижесінде полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілдері күдіктіні Алматы қаласының аумағында ұстады. Ол Түркістан облысының 19 жастағы тұрғыны болып шықты.

КРИМИНАЛИСТЕР ҚҰРМЕТКЕ ИЕ БОЛДЫ

Қылмысты тергеу және ашу процесінде криминалистика қызметінің маңызы зор. Асқан төзімділік пен мұқияттылықты талап ететін қызмет ішкі істер органдарында үлкен маңызға ие. Осыған орай, ИИМ-де ішкі істер органдары жүйесінде Жедел-криминалистикалық қызметтің құрылған күніне орай салтанатты жиын өтті. Аталған шараға Ішкі істер министрінің орынбасары, полиция полковнигі Айдос Рысбаев, ішкі істер органдары жедел-криминалистикалық бөліністерінің жеке құрамы, қызмет ардагерлері қатысты.

Жиында алғаш сөз алған Ішкі істер министрінің орынбасары, полиция полковнигі Айдос Рысбаев ІІО Жедел-криминалистикалық бөліністерінің жеке құрамы мен ардагерлерін айтулы мерекемен құттықтады.

– Құрметті әріптестер, Жедел-криминалистика қызметінің ардагерлері және қызметкерлері! Бүгін Жедел-криминалистика қызметі үшін тарихи күн. Криминалистер қызметте

жүйелерді де пайдаланады. Осы ретте жедел-криминалистикалық қызмет ардагерлері жас қызметкерлерге өз тәлім-тәжірибиесін бөлісуді жалғастырады деп сенемін. Барлығыңызға мықты денсаулық, жаңұяларыңызға береке, бірлік тілеймін. Жас мамандар жетістіктерге жете берсін! Жаңа Қазақстанның жарқын болашағы үшін жұмыс істеп, абырой-беделдері арта берсін, – деді.

**Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН,
Суретті түсірген
Медет ӘШІРБЕК**



өзінің білімімен, интуициясымен және қызметке адалдығымен ерекшеленеді. Бұл ретте осы жылдар бойы оның материалдық-техникалық және әдістемелік қамтамасыз етілуін дамыту мен жаңғыртудың үздіксіз процесі жалғасуда. Қазіргі уақытта Жедел-криминалистикалық қызмет қылмыстарды жедел ашу мен тергеп-тексеру үшін инновациялық ғылыми-техникалық құралдарды, оның ішінде ақпараттық

шара барысында саланың қалыптасуы мен дамуы туралы айтылып, қызметкерлердің жетістіктері сөз болды. Сондай-ақ жиында жас криминалистер мен қызмет ардагерлері Ішкі істер министрінің арнайы төсбелгісі және алғысхатымен марапатталды. ҚР Ішкі істер министрінің 2024 жылдың 29 ақпанындағы №124 жеке құрам бойынша бұйрығына сәйкес қызметтік міндеттерін адал атқарғаны және

қызметте жоғары көрсеткішке ие болғаны үшін Жедел-криминалистикалық қызметтің мерекесіне байланысты «ІІО-ның үздігі» төсбелгісі Жедел-криминалистика департаментінің криминалисі, полиция майоры Айнұр Қанатқызына табысталса, «Қазақстан полициясына 30 жыл» төсбелгісі Жедел-криминалистика департаментінің бас криминалисі, полиция подполковнигі Дулат Исмағұловқа берілді.

Ішкі істер министрінің грамотасымен Жедел-криминалистика департаментінің криминалисі, полиция капитаны Айгүл Сағатова, ІІО-ның ардагерлері Серік Исаев, Болатбек Сейдаллин марапатталды. ҚР Ішкі істер министрінің алғысхаты Жедел-криминалистика департаментінің криминалисі, полиция майоры Сәкен Әділбекұлына, ІІО-ның ардагерлері Әлішер Мұхамедов, Александр Николаевич, Жарас Жағыпаров, Александр Пак, Айдын Иманбекұлына табысталды.

Қазақстан Республикасы ІІО мен Ұлттық ұлан ардагерлер кеңесінің төрағасы, милиция генерал-майоры Өмірзақ Болсамбеков көп салалы ішкі істер органдарында криминалистиканың қылмысты ашуда үлесі зор екенін атап өтті. Қызметкерлер мен ардагерлерді кәсіби мерекесімен құттықтап, бірқатар марапаттарды табыстады. ІІО мен Ұлттық ұлан ардагерлер кеңесі президумының қаулысымен ардагерлер ұйымдарының жұмысына қосқан үлесі және жас қызметкерлерді патриотизмге тәрбиелегені, олардың кәсіби шеберлігін арттырғаны үшін төсбелгі отставкадағы полиция полковнигі Владимир Павлов, отставкадағы полиция подполковнигі Василий Васильевич, отставкадағы полиция подполковнигі Бақыт Тұрмановқа табыс етілді.

Салтанатты жиын соңында шара қатысушылары естелікке суретке түсіп, ИИМ-нің мұражайын аралады.

БІЛІКТІЛІК ПЕН КӘСІБИ ШЕБЕРЛІККЕ СЫН

Ішкі істер саласында кәсіби кадр резервін жасақтау – маңызды мәселе. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басындағы ИИМ-нің кеңейтілген алқа отырысында Ішкі істер министрі Ержан Саденовтің биыл орта буындағы басшылық құрамды кезектен тыс аттестаттаудан өткізу туралы ұсынысын қолдады. Аттестаттау мерзімі 1 сәуірде басталады. Осы және тақырыпқа қатысты басқа да сауалдарға апта басындағы жиында ИИМ-нің ресми өкілі жауап берді.

Аттестаттаудың басты мақсаты – басшы лауазымдарды талантты және кәсіби білікті қызметкерлермен жасақтау үшін кадр резервін қалыптастыру. Кезектен тыс аттестаттау – полиция жұмысының сервистік моделін қалыптастыру саясатының жалғасы.

Бүгінгі күні ИИМ полиция жұмысындағы ішкі процестерді оңтайландыру және бюрократиясыздандыру бағытында бірқатар оң шешім қабылдады. Азаматтарға қажетті құжаттар мен есептер цифрлық форматқа өзгертілді. Қылмыстық істер электронды түрде тергелуде. «Полиция – қадамдық қолжетімділікте» қағидатын іске асыру шеңберінде қоғамдық орындарда модульдік посттар, полицияның жедел шақыру жүйелері – SOS түймелері және фронткеңсе жұмыс істейді.

ИИМ енді кадр саясатын өзгертуге күш саламақ. Ішкі істер министрі Ержан Саденов 2024 жылды «Кадр сапасын жақсарту жылы» деп жариялады. Көп салалы ішкі істер органында қандай басшылар жұмыс істейтініне, әсіресе, орта буынды жан-жақты зерттеуге көңіл бөлінеді. Бұл полициялардың халыққа сапалы қызмет көрсетуін қамтамасыз ету және қоғамның бүгінгі талабы мен үмітін қанағаттандыру мақсатында жасалып отыр.

Кезектен тыс аттестаттау кезеңінде орта буын басшылары қызметкерлері санатына ерекше назар аударыламақ. Биыл кезектен тыс аттестаттауға жататын лауазымдар тізімі жалпы жеке құрамның алты пайызын ғана құрайды. Жиын барысында ИИМ-нің ресми өкілі Шыңғыс Әлекешов қызметкерлер мен басшылық құрамды аттестаттаудан өткізуші комиссия құрамына кімдердің кіретіні туралы айтты.



**Самат ӘЛІБИ,
Суретті түсірген
Медет ӘШІРБЕК**

– орталық және өңірлік аттестаттау комиссиялары өткізетін әңгімелесу кезеңі.

Аталған сынақ кезеңдерінің ішінде ең негізгі – сұхбаттасу бөлімі. Мұнда қызметкерлердің кәсіби және жеке құзыреттері жан-жақты зерттеледі.

Сондай-ақ апталық жиында спикер бірнеше сауалдарға жауап берді. Солардың бірі – кезектен тыс аттестаттаудан өтпей қалған қызметкерлердің жағдайы. ИИМ-нің ресми өкілі Шыңғыс Әлекешов оларға бірнеше мүмкіндік берілетінін айтты.

– Аттестаттаудың соңғы кезеңі – әңгімелесуде қызметкер жеке қабілетіне және оның басқарушылық қасиетіне қарай «қанағаттанарлықсыз» деген баға алса, оларға үш ұсыныс ұсынылады. Біріншісі, лауазымын төмендету. Екіншісі, басқа қызмет саласында жұмыс істеу. Соңғысы – қызметтен босату. Егер қызметкер өңірлік деңгейде аттестаттау комиссиясының шешімімен келіспесе, онда жоғары орталық комиссия құрамына шағым түсіруіне мүмкіндігі бар, – деді ол.

Жалпы, кезектен тыс аттестаттау кезіндегі негізгі критерий – қызметкердің жеке және кәсіби қасиеттерін, қызметінің нәтижелерін ескере отырып, сапалы кадрлық резервін құру.

Әрбір тәртіп сақшысы Отанға, қоғамға қызмет ету және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – негізгі міндеті екенін есте ұстауы қажет.

– Аттестаттауды өткізу үшін тиісінше Ішкі істер министрі мен оның орынбасарлары төрағалық ететін орталық және өңірлік аттестаттау комиссия құрамы бекітілді. Орталық комиссияның құрамына Бас прокуратураның, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкілдері кірді. Айта кету керек, бұл құрылымдардың өкілдері өңірлік комиссия құрамына алғаш рет енгізіліп отыр. Бұл шешім қабылдаудың объективтілігін, ашықтығын, бейтараптығын және әділдігін қамтамасыз етуге бағытталған, – деді ол.

Аттестаттау процесі бірнеше кезеңнен тұрады. Олар:

– физикалық және атыс даярлығы;
– Қазақстан Республикасының заңнамасын білу және логикалық ойлауды тексеру үшін компьютерлік тестілеу;



ТЕМІРЖОЛДАҒЫ ТӘРТИПСІЗДІККЕ ТОСҚАУЫЛ

«Жолды қысқартамын деп өміріңді қысқартпа». Осы мазмұндағы үнпарақтарды ҚР Көліктегі полиция департаментінің елордалық желілік полициялары жолаушыларға таратып, «Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасының негізгі мәнін түсіндірді. Біз де науқан аясында теміржол тәртібіне жауапты тәртіп сақшыларымен бірге жолаушылар пойызын аралап, заң бұзушылықтардың куәсі болдық.

Алдымен Астана станциясындағы желілік полиция басқармасының басшылығы, Ақмола көлік прокуратурасының қызметкерлері және «Аманат» партиясының өкілдері «Вокзалдағы қабылдау» шарасын өткізді. Шара аясында жолаушыларға белгіленбеген орындарда теміржол арқылы өту жауапкершілігі, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ережелерді бұзған жағдайда қандай заң нормалары қолданылатыны түсіндірілді. Қала тұрғындары мен қонақтарының құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыру шара мазмұнын кеңейте түсті.

Астана станциясы желілік полиция басқармасы бастығының бірінші орынбасары Серік Тоқтыбаев қыс мезгілінде теміржолда қиындық туыратын жағдайға тоқталды. Қараусыз жүрген малдарды басып кету жағдайы жиі орын алғанын жасырмады. Себебі күндіз иесінің бақылауында болғанымен, түн мезгілінде жануарлар жайылым іздеп, теміржол бойын жағалайды. Сөзімізді нақтылай түссек, шара барысында иесіз жүрген 39 жылқы уақытша қамау қорғайларына қамалды. Мал иелері әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Астана станциясының қызмет ету аймағы 1269 шақырымды құрайды. Бұл арақашықтыққа Ақмола, Қостанай, Павлодар облыстарының да аумақтары кіреді.

5 ақпаннан бастау алған шара барысында №327 «Қарағанды-Қостанай» бағытындағы пойызды араладық. Солтүстіктегі аймақты бетке алған жолаушылар пойызында алты вагон бар. Ондағы әрбір плацкарттық вагонда 52 адамнан, купеге арналған вагонда 36 адамнан орналасқан. Тексеріс кезінде темір арбадағы тәртіпсіздіктерге жол бергендерге тықыр таянды.

ШЕРЛИ ӘШКЕРЕЛЕГЕН ӘРЕКЕТ

Астана қаласы желілік полиция басқармасының теміржол вокзалы желілік полиция бөлімінің бастығы Аян Мұратұлымен, Астана станциясының желілік полиция басқармасы патрульдік полиция взводының командирі Бейбіт Маратұлымен және департаменттің Кинология орталығының қызметкерлерімен бірге жолаушылар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында күдік тудыратын жағдайларды анықтауға кірістік. Ә дегеннен Шерли есімді қызметтік ит 4-вагондағы жолдорбаның жанынан шықпады. Жас жігітке тиесілі жолдорба сезік тудырды. Себебі бельгиялық овчарканың қателескен кезі жоқ. Өткен апта басында ғана дәл осы жолаушылар пойызынан жасыл түсті, өзіне тән иісі бар есірткі

затын анықтады. Теріс қылыққа жол берген 22 жастағы жігіт Қостанайға жол тартқан. Кинология қызметі орталығының аға инспектор-кинологы, полиция капитаны Қанат Өмірбекұлы қалған вагондардан Уна атты қызметтік ит есірткі заттарын іздеп жатқанын айтты. Тінту жүргізетін төрт аяқты неміс овчаркасының

кодексінің 296-бабы 2-тармағы бойынша іс қозғалды. Сот сараптамасы тағайындалды.

Тексеріс барысында Кинология қызмет орталығының кіші инспек-



тор-кинологы Қуаныш Болатұлы қызметтік итіне бұйрық берді. Оның Доди есімді қара түсті иті жарылғыш заттарды іздейді. Жанындағы серігін 2016 жылдан бері күшік кезінен асыраған. Қуаныш Австрияда

қорғайды. Неміс овчаркасы иесімен бірге тұрғындарды қауіпті жағдайдан алдын ала сақтандырады. Иісіз иті қаппайды, айналасындағы адамдарға тиіспейді, тек қызметтік міндетін жүзеге асырады.



пойыз жүріп бара жатқан кезде тежегішті басу секілді жағдайлар да кездеседі. Тежегішті басқан адам біріншіден, пойызды уақытынан кешіктіреді, екіншіден, кенеттен тоқтау салдарынан пойыздың жоғары бөлігінде жатқан жолаушылар құлап, жарақат алуы мүмкін. Сонымен қатар сол уақытта ыстық су алып, өз орнына бара жатқан адам үстіне су төгіліп, күйіп қалуы да ықтимал. Сол себепті мұндай келеңсіздік тіркелсе, кінәлі адам бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлейді. Негізінен пойызда орналасқан бұл құрылғыны тек жолсеріктердің ғана қолдануға құқы бар. Пойыз станцияға тоқтаған уақытта кейде бір жолаушы кешігіп қалады. Сол кезде жолаушыны жолда қалдырмас үшін тежегішті қолданады. «Қауіпсіз жол» шарасының қорытындысы бойынша Астана станциясында шұғыл тежеудің 16 жағдайы болды. Оның ішінде адамдарды басып кетуге жол бермеу үшін – төрт, үй жануарларының теміржолға шығып кетуі бойынша 12 дерек тіркелген.

Тәртіп бұзушылыққа жол беретіндердің дені – ішімдік ішетіндер. Олар басқа жақтан ішіп келіп, осы теміржолда ұсталады. Бұл жағдайда қандай әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын Астана қаласы желілік полиция басқармасының теміржол вокзалы желілік полиция бөлімінің бастығы Аян Балғожин айтты.

Құқық бұзушылықтың мұндай түріне жол бергендерге 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Ал бұл жағдай бір жылдың ішінде екі рет қайталанса, әкімшілік жауапкершілікке тартылып, сот шешімімен бір күн мен 30 күн аралығына дейінгі мерзімге қамаққа алынады. Одан бөлек, үйсіз-күйсіз жүретін жандар да кешкісін осы маңайды торуылдайды. Себебі күндіз ішіп, түнде жатар орынға пана іздейді, – деді полиция майоры.

Мұндағы желілік полиция қызметкерлері ретсіз вокзал кезгендерге себепсіз жүруге болмайтынын түсіндіреді. Ал қонатын жері болмаған жағдайда оларды «Демей» әлеуметтік қамсыздандыру орталығына, ал кейбірін Наркология және психотерапия орталығына апарды.

ШАРА ШЕҢБЕРІНДЕ

«Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шара қорытындысымен Астана станциясында 577 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Олар – ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің бірнеше бабын бұзғандар. Атап айтсақ, белгіленбеген орында сауда жасаған он төрт, жануарларды жау қағидасын бұзған екі кісі анықталды. Құқық бұзушылардың арасында ұсақ бұзақылық жасаған – 4, қоғамдық орынды ластаған – 13, қоғамдық орында ішімдік ішкен – 62, тыйым салынған орында темекі шеккен 27 адам бөлек. Одан бөлек, ересектердің қараусыз жүрген үш балаға қатысты және қоғамдық орында бір-біріне тиіскен 30 дерек тіркелді. Ел аумағында болу ережелерін бұзған 30 шетелдік азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ теміржолдардың бөлінген жолағында мал жау қағидаларын бұзғандар да, рұқсат етілмеген жерді кесіп өткендер де, кодекстің өзге де ережелеріне салғырттық танытқандар да кездесті.

«ҚАУІПСІЗ ЖОЛ»

ЖПШ БОЙЫНША ЕЛОРДАЛЫҚ ЖЕЛІЛІК ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ 13 ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ АНЫҚТАДЫ.



ҚР ҚК 287-бабы
(суық қаруды заңсыз тасымалдау немесе алып жүру) – 2



ҚР ҚК 188-бабы
(ұрлық) – 4



ҚР ҚК 296-бабы
(есірткі заттарын заңсыз сақтау, тасымалдау) – 7

найы тобы келген соң істің мән-жайы анықталды. Күдікті заттың есірткі екені белгілі болып, ҚР Қылмыстық

«Додимен» бірге үш жарым айдай оқу-жаттығу курстарынан өтіп, бүгінде жолаушыларды түрлі қатерден

Сондай-ақ рейд барысында теміржол аумағында қоғамдық орында ашы су ұрттаған екі азамат ұсталды. Екеуі де бір жылдың ішінде бұл әрекетін екінші рет қайталаған. Сондықтан оларға ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 440-бабының 3-тармағы бойынша әкімшілік хаттама толтырылды.

ҚАЙ ЕРЕЖЕ КӨП БҰЗЫЛДЫ?

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 559-бабы 5-тармағы бойынша теміржолда белгіленбеген жерден өтсе, ескерту жасалады немесе үш айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. 2021 жылы Астана теміржол вокзалында рұқсат етілмеген жерден теміржол жолағын кесіп өткен вокзал қызметкерін пойыз басып кеткен. Құқық бұзушы оқиға орнында мерт болған.

Вокзал қоғамдық орын болғандықтан, құқық бұзушылықтың өзге де түрлері тіркеледі. Мәселен, ішімдік ішу, қоғамдық жерді ластау,





СПОРТТЫ СЕРІК ЕТКЕН САҚШЫ ҚЫЗ

22 жастағы Диана – қоян-қолтық ұрыстан Әлем чемпионы, кикбоксингтен және әмбебап жекпе-жектен спорт шеберіне үміткер. Сұңғақ бойлы сымбаты арудың ішкі істер саласына келгеніне небәрі екі жыл болса да, ауыз толтырып айтар жетістігі жетерлік. «Қазақстандық полицияға 30 жыл» төсбелгісімен, Ішкі істер министрінің және облыс әкімінің алғысхатымен марапатталған.

Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН

Диана Сәрсенбайқызы – Атырау қаласы полиция басқармасы жергілікті полиция қызметі бөлімі ювеналды полиция тобының кемелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы, аға лейтенанты. Полиция қызметкері болу – оның бала кезден ойға алған мақсаты. Арманның жетегімен Диана 2018 жылы мектепті аяқтаған соң М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының заңгер мамандығына түсіп, төрт жылдық оқуын тәмамдады. 2022 жылы алғашқы еңбек жолын Атырау қаласы полиция басқармасы жергілікті полиция қызмет бөлімшесі учаскелік полиция инспекторының көмекшісі қызметінен бастайды.

– Бала кезімнен адамдарға көмектескенді жақсы көремін. Сондықтан полиция қызметкері боламын деген ойымнан еш айныған емеспін. Өзім де әділдікті жақтаймын. Жауапкершілігі мол адамдарды құрметтеймін. Күнделікті жұмыс уақытым өзіме бекітілген мектептерге барып, оқушыларды тексеруден басталады. Көптеген жасөспірімдер өз құқықтары мен мүдделері туралы толық білмей жатады, – дейді атыраулық погонды ару.

Диана спортқа қатты қызығады. Ол бүгінде қоян-қолтық ұрыстан жастар арасында Қазақстан чемпионы, әйелдер арасында

са, анасы жас кезінде каратэ спортынан қызыл белбеу таққан.

Диананың қоян-қолтық ұрыстан алған дағдылары оған қылмыскерлерді құрықтау кезінде көп көмектесті. Полиция қызметкерлерінің физикалық дене дайындығы оқыс жағдайларда септігін тигізетіні рас екен.

– Бірде мен учаскелік полиция инспекторларымен бірге гараждағы ұрлық дерегі бойынша оқиға орнына бардым. Келгеннен кейін күдікті үш адамды көрдім. Әріптестерім менің қауіпсіздігімді ойлап, мені көлікте қалдырды. Сол кезде күдіктілердің екеуі гараж жанынан қашып шықты. Учаскелік полицейлерден қашқан күдіктілердің бірі мен отырған көліктің қасынан жүгіріп өтті. Мен оны көре сала, артынан құдым. Қуып жетіп, өзім үйренген қоян-қолтық ұрыс әдістерін қолданып, оны жерге құлаттым да әріптестерімді күттім, – дейді Диана. Сақшы қыздың батылдығына, ептілігіне әріптестері таң қалған.

Ер азаматтармен бірге иық тірестіре жұмыс істеп жүрген сақшы қыздың сұлулығы бір басына жетерлік. Әлеуметтік желіде сұңғақ бойлы, погонды сұлуды көргендер еріксіз таңдай қағады. Егер поли-

ОРТАЛЫҚТАҒЫ ӨНЕРЛІ АРУЛАР

Жедел басқару орталығында тәулік бойы ел тыныштығын күзететіндердің қатарында әйелдер қауымы да бар. Солардың бірі – Әсел мен Арайлым. Бірі домбыра шертсе, енді бірінің қолынан тігін тігу келеді. Тыныштықты бақылағаннан бөлек, сүйікті істерінен шабыт алатын арулар туралы кеңірек айтпақпыз.

Самат ӘЛИБИ



Әсел Жайнаузова

Нәзік жандардың екеуі де – Ақтөбе қаласы Полиция басқармасы жедел басқару орталығының қызметкерлері. Әсел Жайнаузова Ақтөбе облысының Байғанин ауданында дүниеге келген. Әсел қазір Жедел басқару орталығында бейнебақылау кезекші инспекторы, полиция аға лейтенанты болып қызмет етеді.

Әселдің алғашқы мамандығы – домбыра аспабының мұғалімі. Ақтөбе қаласындағы А.Жұбанов атындағы музыкалық колледжде домбыра сыныбы бойынша білім алған. Бүгінде Әселдің домбыра шертпін, ән айтатын өнерін ұжымы біледі және бағалайды.

– Ішкі істер саласында қызмет етуіме марқұм әкем түрткі болды. Ол Байғанин аудандық Ішкі істер бөлімінің бастығы болып қызмет атқарды. Полиция подполковнигі шенінде 28 жыл қажырлы еңбек еткен әкем үлгі болды, – дейді полиция аға лейтенанты Әсел Жаңабайқызы.

Күн сайын тағдыр талкегіне түскен, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа душар болған немесе жолкөлік оқиғасына тап болған азамат-

тардың барлығы «102»-ге қоңырау шалады. Әсел Жаңабайқызы 2004 жылы Ақтөбе қаласында жаңадан құрылған Жедел басқару орталығында алғашқылардың бірі болып қызметке кірісті. 2021 жылға дейін Жедел орталықта «102» қоңырау арнасының операторы болып көп жыл қызмет еткен.

Әселдің жолдасы Сағитжан Төлеев – ішкі істер саласының зейнеткері, запастағы полиция подполковнигі. Бүгінде олар екі ұл, бір қыз тәрбиелеп, өсіріп отыр. Атанасының жолын қуған үлкен ұлы

айында ауысып келген. Ол қазір ЖБО-да – бейнебақылау инспекторы. Ішкі істер саласында жұмыс істеу – Арайлымның бала күнгі арманы. Құқық қорғау саласына келмес бұрын Арайлым 2012 жылы Қ.Жұбанов атындағы мемлекеттік университеттің жанындағы көпсалалы колледжде заңгер мамандығы бойынша білім алады. Кейін 2016 жылы Қазақстан-Ресей халықаралық университетін құқықтану мамандығы бойынша жалғастырып, 2022 жылы құқықтану ғылымдарының магистрі атанады. Арайлым Жедел басқару орталық жұмысына келмес бұрын 2019 жылы Ақтөбе қаласы полиция басқармасы №4 қалалық полиция бөлімінде кемелетке толмағандардың ісі жөнінде инспектор ретінде қызмет жолын бастайды. Жеткіншіктердің тәртібін тезге салған Арайлым одан соң екі жыл кадр бөліміндегі қызметкерлермен әріптес болады.

Одан бөлек, Арайлым бала кезден тігіншілік өнерді сүйікті ісіне айналдырған. Мектеп жасынан түрлі моншақтардан кесте тігіп үйренеді.

– Бала кезден тігін тігуге қызықтым. Қазір өзіме қажет дүниелерді өзім тігіп аламын. Би үйірмесіне қатысатын қызыма түрлі сахналық киімдер, өзіме көйлек те тігіп аламын. Кейде кілемше тоқып, моншақтан әдемілеп түрлі бұйымдарды жасаймын. Біздің жұмысымыз қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Дегенмен, тігін тігу мені қарбалас жұмыс өмірінен сәл де болса, өзімді тынықтыруға көмектеседі, – дейді полиция аға лейтенанты Арайлым Саматқызы.

Ішкі істер саласында ерлермен қатар, қоғамда орын алатын қылмыстың алдын алуда аянбай жүрген әйел қызметкерлердің бүгінгі бейнесі осындай.



Арайлым Саматқызы

Сырым Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ инспекторы қызметінде.

– Полиция қызметкері болудағы басты ұстанымым – заң бұзушылықтарға жол бермей, әділдік жолында күресу. Тәртіп пен заңнан мәртебелі ештеңе жоқ. Сондықтан әрбір тәртіп сақшысы үшін, әсіресе, шен таққан нәзік жандарға талап пен жігер аса қажет, – дейді полиция аға лейтенанты Әсел Жаңабайқызы.

Арайлым Саматқызы бұл бөлімге 2022 жылдың қыркүйек

«ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ҚҰРМЕТІМ ЕРЕКШЕ»

Қай салада болмасын, өзінің қалаған мамандығын жан-тәнімен сүйіп, еңбекқорлығымен және тілге деген құрметімен көзге түсіп жүрген жастар аз емес. Бүгінгі әңгімеміз Орал қаласының полиция басқармасында қызмет атқарып жүрген мемлекеттік тілге деген жанаңшылығы жоғары жас маман Светлана Мұратқызы жөнінде болмақ.

Гүлжиян ҚАРАҒОЙШИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы

Светлана орта мектепті де, жоғары оқу орындарын да орыс тілінде тәмамдаған. Өскен ортасы, бірге жүрген достарының көбі орыс ұлтынан болғанына қарамастан, Светлана қазақ тілін өте жетік меңгерген.

– Әкем – қазақ, анамның ұлты – орыс. Отбасымызда көбіне орыс тілінде сөйлесеміз. Алайда мемлекеттік тілге деген қызығушылығым бала кезден бастау алған. Құрметім ерекше. Бала кезімде қазақ тіліндегі кейбір сөздерге тілім келмесе де, соны дұрыс айтуға барымды салатынымын. Қазақ тілі менің құлағымға әуезді бір қоңыр үнмен жететін. Сондықтан тілді үйренуге қатты қызықтым, – дейді Светлана.

Светлана ішкі істер органдарындағы қызметін 2018 жылы Орал қаласының полиция басқармасы жергілікті полиция қызметі бөлімі ювеналды полиция бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы болып бастайды. Кейіннен басқарманың инспектор-психологы, 2023 жылдан бастап Орал қаласының полиция басқармасында штаб бөлімінің аға инспекторы.

– Қазіргі лауазымдағы күнделік-



ті негізгі жұмысым – азаматтардан келіп түскен құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдаудың, тіркеудің белгіленген тәртібін сақтау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру. Сеніп тапсырылған бөліністерге келіп түскен қылмыстық құқық бұзушылық туралы азаматтардың арыздары мен хабарламаларының ақпаратты есепке алу кітабына уақтылы тіркелуін және олар бойынша нақты шешім қабылдануын бақылау. Қай қызметте болсам да іс-қағаздарын мемлекеттік тілде, қа-

жет жағдайларда ғана орыс тілінде жүргіземін. Қызметім өзіме ұнайды. Қандай мамандықты болмасын, адам жан-тәнімен беріліп жасаса, өз жұмысын жақсы көрсе, ол жұмыс қиын болмайды. «Бірлік бар жерде тірлік бар» демекші, әріптестерімізбен бір-бірімізге қолдау таныту, тәжірибе алмасу қалыпты жағдай. Қызмет барысында аға буынның бағыт-бағдары мен айтар ақылы біз сияқты жас мамандарға өте маңызды. Әріптесім Орал қаласының полиция басқармасы штаб бөлімінің аға инспекторы, полиция майоры Әлия Махамбетқызы үнемі үлкендігін көрсетіп, білмегенімді үйретіп, тәжірибесімен бөлісіп жүреді, – дейді Светлана.

Ортасында сыйлы, салмақты сақшы қыз Светлана бала кездегі арманының асқарына талпынып, асулары бағындыруды мұрат еткен. Кез келген міндетін мінсіз атқаратындықтан, алға қойған айқын мақсатына қол жеткізуіне қай қырынан алса да, лайық көрінеді. Сол себепті алсаның салмағын арттыруға тырысқан сақшы қызға алдағы уақыттарда сәттілік серік болсын дейміз.



Қазақстан және Әлем финалисі, қоян-қолтық ұрыстан әйелдер арасында Әлем чемпионы, ІІМ чемпионатының жеңімпазы, Қазақстан кубогының чемпионы және Әлем кубогының финалисі, спорт шебері.

– Мен жеті жасымнан бастап спортқа қызығушылық таныттым. Алдымен таэквондо, кейін 12 жасымда кикбоксингке ауыстым. Колледжде түскен соң спорттың қоян-қолтық ұрыс түрімен айналыса бастадым. Өйткені, жекпе-жек өнерінің бұл түрі ішкі істер органдарында өте маңызды, – дейді ол. Бала кезінен спортты серік еткен Диана төзімділікке әбден дағдыланған. Спорт оны шыдамды болуға үйретті, оның бойына батылдықты, қайсарлық, отаншылдық қасиеттерін қалыптастырды.

Сақшы қыздың спортқа деген ынты-ықыласы, сүйспеншілігі ата-анасынан дарыған. Диананың әкесі қазақша күреспен айналыс-

ция формасында болмаса, Диананы сән үлгісін көрсететін модель деп ойлап қалуыңыз бек мүмкін. Дене бітімінің сұлулығына Диананың дұрыс тамақтануы ықпал еткен сияқты. Оның үстіне 2,5 сағат уақытын сақшы қыз жаттығу залдарында өткізеді.

– Жаттығуды жұмыспен бірге алып жүру өте қиын. Себебі, уақыт тапшы. Кейде жұмыстан қатты шаршайтын кездерім болады. Ондай кезде жаттығуға барғым келмей қалады. Бірақ мүмкін болғанша жаттығу уақытын жіберіп алмауға тырысамын. Ал бойшаңдығыма келсек, біздің үйде барлығының бойы ұзын, – дейді сақшы қыз.

Қатаң тәртіпке бағытталған қызметте жүріп, еліміздің намысын әлемдік деңгейде қорғап жүрген атыраулық сақшы Диана Жұмағазиеваның ұстанымы – қашан да ел қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, азаматтардың тыныштығын сақтау.



«БАЛАЛАРЫМНЫҢ БАҚЫТТЫ КҮЛКІСІНЕН АРТЫҚ СЫЙЛЫҚ ЖОҚ»

Әйел тек ажарымен ғана әдемі емес. Әйелдің көркі – ең алдымен адал жары мен айналасын қуанышқа бөлейтін балалары. Жұмыстан шаршап келген әйел өз табалдырығын аттасымен, екінші жұмысына кіріседі. Шаршағанын солай басады. Әйел үшін жан жары мен балаларының жағдайын жасап, шаңырағын шуаққа бөлеуден асқан бақыт жоқ.

Полиция аға лейтенанты Динара Амангелдіқызы – осындай бақытқа бөленіп жүрген әйел. Алматы 1 станциясындағы желілік полиция басқармасы көші-қон қызметінің инспекторы Д.Тоқсанғұловамен мереке қарсаңында жолыққанда «Әйелдер мерекесіне қандай сыйлық алғанды ұнатасыз?» деп сұрадық. «Мен үшін

араласып кетті. Теміржол бойының тыныштығын сақтау мен қылмыстың алдын алуда Динара осы саланың үлкен мектебінен өтті десе де болады. Патрульдік полиция бөлімшесінің полицейі, күдіктілер мен айыптыларды уақытша ұстау изоляторының полицейі, ақпараттық және байланыс тобының технигі сияқты әртүрлі

Гүлнәр ЖАПАРФАЛИҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

түсінуге тырысамын, – деді кейіпкерім күрсініп.

Иә... Әйелдің жүрегі мейірімнен жаратылғаны хаққа аян. Сондықтан да болар, ақындардың «Әйел деген мәңгі-бақи тірі гүл, сөнбейтұғын жүректердің күні бұл» деп толғанытыны.

Біздің кейіпкеріміз жауапты жұмыстың жауынгері бола жүріп, тұрмысқа шықты. Қазір жан жары Қуаныш екеуі құрған шаңырақты шуаққа бөлеп жүрген бір ұлы мен екі қызы бар.

Жамбыл облысы Шу ауданының Новотроицк ауылында туып-өскен Динараның ата-анасы ауылдағы абыройлы отбасылардың бірі болды. Әкесі Амангелді ауылында ұзақ жылдар жүргізуші болса, анасы балабақшада жұмыс істеді. Бүгінде екеуі де бейнетінің зейнетін көріп отыр. Ата-анадан алған асыл тәрбиенің ең бастысы – адал жар болу, шындықтың бетіне тура қарау еді.

– Бізге әке-шешеміздің бала кезден құлағымызға сіңірген сөзі «Өтірік айтпа, қандай жағдайда да тек шындықты айт. Шешілмейтін мәселе болмайды, біз сені үнемі қолдаймыз» деген сөздер болатын. Сондықтан шығар, мен тіршіліктің ешқандай түйткіліне мойымайтын қайсар болып өстім. Өйткені ата-анамның мені қолдайтынына сенімді болдым. Қазір сол сөздерді мен балаларыма айтамын. Әрине, менің бала кезім мен қазіргі балалардың бала кезінің арасы жер мен көктей. Бірақ ата-ананың қолдауына сенген бала мойымай өседі. Ата-ананың сенімін ақтауға тырысқан бала ешқашан жаман жолға түспейді, – дейді Динара Амангелдіқызы.

Балаларының тал бесіктегі тәрбиесіне зор мән беретін Динара ұй шаруасына да ұқыпты. Сөзіміздің басында айтқандай, әйелдің қызметтен кейінгі жұмысы үйде басталады. Қолы қалт еткенде түрлі тәттілер пісіру – әр әйелдің хоббиі. Динара да демалыс кезінде бала-шағасы сүйіп жейтін дәмді тағамдар дайындап, шуақты шаңырағын жып-жылы сезімге бөлегенді жақсы көреді.

ОТБАСЫН БАҚЫТҚА БӨЛЕГЕН ИРАДА



«Адамның есімі тағдырына әсер етеді» деп жатады. Қыздарда облысы полиция департаменті экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасы ақпараттық-талдау қамтамасыз ету тобының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі Ирада Макулбекова ерекше есімге ие. Араб тілінен аударғанда «Ирада» сөзі бақытқа, арманына жетуге талпынушы деген мағынаны білдіреді. Расында, ол – жанұясында жолдасымен бірге төрт бала тәрбиелеп, шаңырағын шаттыққа бөлеген аяулы ана.

Гауһарай ЕСИМОВА,
Астана – Қызылорда – Астана

Ирада Макулбекова 2007 жылдан бастап ішкі істер органы қызметкерлерінің қатарында. Қауырт қызметі мен уақытының тығыздығына қарамастан, отбасына көңіл бөлуді бір сәтке естен шығармайды. Жолдасы Ербол Батыршаұлы да – ішкі істер органдарынан зейнетке шыққан тәртіп сақшысы. Әкімшілік полиция басқармасында қызмет атқарып, жол қауіпсіздігін қамтамасыз еткен. Бүгінде олардың үш ұлы мен бір қызы бар. Ирада өзі де бала кезінде үш ағасының ортасында ерке болып өскенін айтады. Ер балалармен қатар ойнап, батыл әрі шапшаң қозғалып үйренген. Сол кезден бастап құқық қорғау органы қызметкерлерінің нысанды киіміне қызығып, полицей атануды армандаған. Бала арманына жеткен ол өмірде де, қызмет жолында да бәріне үлгеруге тырысады. Қолы қалт етсе, спортпен шұғылданады.

– Күйеуім де осы салада қызмет еткендіктен, бәріне түсіністікпен қарайды. Ол ҚР ІІМ Байқоңыр өкілдігінде жұмыс атқарды, мен қалада тұрамын. Үнемі жол үстінде жүретін. Кейде түнгі ауысымнан бір уақытта шығып, үйге бірге келетін де кезіміз болатын. Түнгі сағат екі-үштерде шұғыл жұмыс шығып қалады, дереу айтылған жерге баруымыз керек. Бұл саланың бүге-шүгесіне дейін білгесін «Қайда бара жатсың?» дейейді. Жолдасым басқа сала маманы болса, менің беймезгіл уақытта жүргеніме шектеу қояр еді. Ал біз бір саладан болғасын бір-бірімізді жақсы түсініп, қолдау білдіреміз, – дейді полиция подполковнигі Ирада Қыдырбекқызы.

Біздің кейіпкеріміздің шаңырақ көтергеніне 22 жыл болған. Алғашқы екі баласы жолдасы Ербол екеуінің жолын қуып, ел қауіпсіздігі мен тыныштығын сақтауды мақсат еткен. Олардың таңдауына Ирада өзі қарсы болғанымен, жолдасы ұлдарының талабына сүйсінген. Қайта «Араласатын

жолдастары көп болады, тәртіппен жүреді» деп риза болған көрінеді. Үлкені Димаш Батыршаев – 21 жаста. Ол қазір Ұлттық қауіпсіздік комитеті академиясының 4-курс студенті. Бокстан спорт шебері. Ағасының ізінен ерген Әлімжан Батыршаев осы спорт түрінен спорт шеберіне үміткер. Қазір ҚР ІІМ М.Есболтаев атындағы Алматы академиясында оқиды, болашақта ішкі істер органы қызметкерлерінің қатарын толықтырады. Олардың спортқа жақындығы кәсіби қызмет атқарғанда да кәдеге жарайтын болады. Отбасындағы жалғыз қыз Тоғжан 6-сыныпта оқиды. Биге жақын, өнер мектебіне барады. Ал кенжесі Абдурахман футбол десе ішкен асын жерге қояды. Ирада балаларының уақытын тиімді өткізуіне баса мән береді.

Ираданың Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасында жұмыс істегеніне жеті жылға жуықтады. Бұл бағытта жат ағымның жетегінде кеткендерді бақылауға алады. Діни алауыздықты қоздырып, тыйым салынған діни әдебиеттерді таратқандарды қолға түсіріп, заң шеңберінде жауапқа тартылуына мүдделі болады. Сала маманы мониторинг бойынша өзге өңірлермен салыстырғанда, Қызылорда облысындағы діни ахуал тұрақты екенін айтты. Бірақ соңғы уақытта діннің соңына түскендердің қатары көбейіп кеткеніне алаңдаушылық білдірді. Мәселен, Сыр өңірінде мемлекеттік білім ошағына хиджаппен баратын 37, ал жеке мектептерде оранған 20 оқушы барын жасырмады. Олардың бұлай киінуіне ата-анасының діни көзқарасы әсер еткен.

Ирада Макулбекова ұлт қауіпсіздігіне қауіп төндіретін осындай әрекеттерге тосқауыл қойып, ел іргесінің бүтін болуы жолында аянбай еңбек етіп келеді.



отбасымыздың амандығы мен балаларымыздың бақытты күлкісінен артық сыйлық жоқ» деген жауапты естігенде, мен ұзақ ойланып қалдым.

Иә, ана жүректің аңсайтыны да – айналасының амандығы. Әйел үшін жып-жылы отауының төрінде ойнақтаған құлыншақтарының қуанышы мен отбасының қорғаны болар отағасының, алақанына салып әлпештеп өсірген ата-анасы мен бауырларының әр бақытты күнінен артық сыйлық болмайтыны рас.

Динара Амангелдіқызы погон тағуды бала кезінен армандады. Сол арман оны 2007 жылы ішкі істер органына жетелеп келген еді. Жамбыл гуманитарлық-техникалық университетін, М. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін бітірген соң Алматы 1 станциясындағы желілік полиция басқармасына айдауылдау бөлімшесінің полицейі болып орналасты. Сол күннен бастап ішкі істер органының уақытпен санаспайтын аласапыран жұмысына

лауазымдарда оның кәсіби шеберлігі шындала түсті. Қазір Динара – Көші-қон бөлімінің инспекторы. Ерсілі-қарсылы ағылып жатқан пойыздарда заңсыз көшіп-қонушыларды бақылау, сол арқылы заң бұзушылықтардың алдын алу да үлкен жауапкершілікті талап етеді. Теміржолда темірдей тәртіп орнатудың қыр-сырымен бірге қиындығы да орасан зор. Көші-қонды реттеу тек адамды айыптау ғана емес екенін Динараның мына әңгімесінен білдік.

– Бірде құжаттары жоқ әйелдің қиындығымен бетпе-бет келдім. Ресейден келіпті. Түріне қарасаң, қылмыскерге ұқсамайды, жоқшылықтан қажыған, рухы мүжілген әйел. Мұндайда әйелдің жанын айел ғана түсінеді. Жетіскенінен қаңғырып, ел аралап жүрмегені белгілі. Соны өз басым ас-суын әперіп, Ресейдің шекарасына дейін шығарып салдым. Теміржол бойында мұндай қаңғыбас әйелдер аз да болса кездесіп қалады. Ондай әйелдерді жазалаудан бұрын жанын

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ КРИМИНАЛИСТ ҚЫЗ

Сыр өңіріндегі полицейлер арасында бір ғана криминалист қыз бар. Ол – Қызылорда қаласы полиция департаменті жедел-криминалистикалық бөлімінің криминалисті Мархабат Тұрашова.

Ай-Хан ТӘҢІРІ

Мархабаттың бала кезінде көрген детективтік жанрдағы кинолары осы салаға келуіне түрткі болған. Түрлі істердің соңында жүріп, оны ашпайынша дамыл таппайтын полиция қызметкерлері оған әлі күнге дейін үлгі. Мамандық таңдағанда еш ойланбастан, құқық қорғау органының қызметкері болуды көздеген. Сол себепті 2012 жылы мектеп бітіре сала, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің құқықтану мамандығына оқуға түскен.

Өңірдегі криминалистер ортасы Мархабатқа бұрыннан таныс. Ол студент кезінде Қызылорда қаласы Ішкі істер басқармасы жедел-криминалистикалық бөлімінен тәжірибеден өткен. Сол уақытта бұл ұжымның жұмыс істеуі, ауызбіршілігі көңілінен шығып, осы ортаға жұмысқа орналасуды ойға алған.


Межелі мақсаты орындалып,

2016 жылы тамыз айында Қызылорда облысы Ішкі істер департаментінің конкурсынан өткен. Қыркүйек айында Қызылорда қаласы Ішкі істер басқармасы жедел-криминалистикалық бөліміне криминалист болып тағайындалған. Содан бері осы қызметте. Оның дактилоскопиялық, трасологиялық сараптама жасауға және суық қару зерттеулерін жүргізуге құқығы бар. Жеті жылдан бері погонды ару сан қилы істермен бетпе-бет келіп, зерттеулер жасаған.

Атап айтсақ, қала аумағының бірнеше шағын аудандарында құнара Mercedes-Benz, Opel Vectra, ВАЗ-2114 маркалы көліктерінің есігін бұзып ашу оқиғалары тіркелген. Одан магнитофон, колонка, буфер, аккумулятор, құжаттар мен ақша құпюралары ұрланған. «102» жедел арнасына хабарлама түскен соң осы іс бойынша Мархабат автокөлік ұрлығына қатысты зерттеу жүргізген.

Өз міндетін орындау барысында автокөліктің есіктерін қызыл түсті «Рубин» магнитті ұнтағымен өңдеп, қол іздерін алған. Қол іздерін «Паллон» автоматтандырылған іздестіру жүйесіне салып тексерген. Онда есепте тұрғандардың бірімен күдікті қол іздерінің сәйкестігі анықталып, ұрлық қылмысы ашылды. Міне, осылайша күн сайын криминалист қыз қала тұрғындары зардап шегетін түрлі қылмыстың ашылуына себепші болады.

– Криминалистика – тоқтаусыз, көп ізденуді талап ететін, заманауи ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, түрлі қылмыстарды ашуға септігін тигізетін мамандық. Кәсіби деңгейімді жоғарылату мақсатында қызметке тағайындала сала, тәуліктік кезекшіліктерге түсу-



ға сұрандым. Шыны керек, бастапқы кезде мәйітке жақындауға жүрексінетінмін. Алайда кейін бұл үрейім су сепкендей басылды. Біздің менталитет бойынша қыз баланың мұндай мамандық иесі атануына көпшілік қарсы болып жатады. Бірақ осы мамандықты таңдағаным еш өкінібеймін, – дейді полиция капитаны Мархабат Мұханбетқызы.

Сондай-ақ Мархабатты мерген қыздардың қатарына жатқызуға болады. Ол Қызылорда қаласы полиция басқармасының жеке құрамы арасында өтетін «Макаров тапаншасынан әйелдер арасында ату»

жарысына қатысып, топ жарып жүр. Жақында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай ұйымдастырылатын осы сайыс түріне қатысуға ниетті.

Бұл мерекеде Мархабат анасы мен әжесін қуантуға асығады. Оларға құшақ-құшақ гүл сыйлап, жылы сөздерін арнайды.

Мереке қарсаңында қызылордалық криминалист қыз ішкі істер органдарындағы барша әйел әріптестерін көктемнің шуақты мерекесімен құттықтап, олардың отбасына амандық, деніне саулық, қызметте табыс тілейді.



МЕНИҢ ӘКЕМ – ЕҢ ЖАҚСЫ АДАМ

Абай облысындағы қауіпсіздігі аралас мекеменің үздік қызметкері, тәртіп бөлімінің бастығы Бауыржан Рамазановқа балалары ерекше алғыс айтты.

Жанар ТҰРЫҚПАЕВА,
Абай облысы

Аналарының мезгілсіз қазасынан кейін жасөспірім балалар әкелерімен бірге тағдырдың сынағынан өтуге мойынұсынған еді. «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» демекші, балалардың анасы өмірден өткен соң бар жауапкершілікті мойнына алған Бауыржан балаларынан алғыс естіп, көзіне еріксіз жас алды. 13 жасар Әйгерім мен 15 жастағы Нұртуған аналарының жоқтығын білдірмей, қарындасы екеуін үнемі қолдап-қорғаштап жүретін әкелерін қатты жақсы көретіндерін жеткізді.

– Менің әкем – әлемдегі ең жақсы адам. Ол біздің сабағымызға көмектеседі, үй шаруасында қолғабыс етеді. Тіпті бізге дәмді ас та әзір-

лейді. Біздің көңілімізді аулау үшін түрлі орталықтарға бірге барамыз, – дейді ұлы.

Балалар Алғыс айту күнінде әкесінің жанында үнемі қамқорлық танытатын әріптестерінің де болғанын қалаған.

– Мекеменің жеке құрамы Бауыржан Еділұлына әрдайым көмектесуге әзір. Ол – өте рухы мықты адам. Ер адамға әйелінен айырылып қалу қиын ғой. Дегенмен балаларына анасын жоқтатпай отыр. Біз мұндай әріптесімізді мақтан тұтамыз, – дейді Тәрбие және кадр бөлімінің бастығы Дидар Жұмаханова.

АНАНЫҢ АЛҒЫСЫ

27 ақпан күні кешке таман СҚО ПД патрульдік полиция батальонының қызметкерлері Арсен Домашенко мен Игорь Семин «Жезқазған – Петропавл» автожолында жол қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген.

Игорь МЕРЦАЛОВ,
СҚО ПД баспасөз қызметі

Осы жолдың 950-ші шақырымында Toyota автокөлігінің жүргізушісі полицейлерге жақындағанда көліктің дабылын қайта-қайта басып, көмек сұраған. Көлік салонында әйел мен шұғыл медициналық көмекке мұқтаж екі жасқа да толмаған бала

денсаулық тілейміз, – деп әлеуметтік желіде алғыс білдірді баланың ата-анасы.

Мұндай оқиғалар жол үстінде жиі болып тұрады. Облыстық патрульдік



отырған. Тәртіп сақшылары бала мен анасын қызметтік көлікке отырғызып, жедел облыстық балалар ауруханасына жеткізді.

– Қазір ұлымыздың жағдайы жақсы. Сақшы жігіттерге өте ризамыз! Қызметтеріңіз тыныш болсын. Сіздерге және жақындарыңызға

полиция батальонында бес жылға жақын қызмет атқарып жүрген Арсен мен Игорь осындай жағдайға тап болған облысымыздың бірнеше азаматына көмектесті. Қос қызметкер әр тәртіп сақшысының кез келген адамға көмек қолын созуға даяр екенінің дәлелі.

ПРЕЗИДЕНТТЕН АЛҒЫС АЛҒАН ПОЛИЦЕЙ

Қар құрсауында қалып қойған 100-ден астам автокөлік жүргізушісіне көмек көрсеткен полицейге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алғыс жариялады.

Дина ЭМРЕНОВА,
Абай облысы



Боран соғып, көріну нашарлаған кезде өз өмірін қатерге тігіп, жүздеген тұрғынға жол көрсеткен Көкпекті аудандық полиция бөлімі әкімшілік полиция бастығы, полиция майоры Данияр Қайырқановқа алғысхатты салтанатты түрде төтенше жағдайлар вице-министрі, генерал-майор Ерлан Нұрпейісов табыс етті.

Естеріңізге сала кетсек, биыл 16 ақпанда ауа райының қолайсыздығына байланысты Көкпекті ауданындағы жолдарда 100-ден астам автокөлік қар құрсауында қалған болатын.

Өміріне төнген қауіпке және күрделі метеорологиялық жағдайларға қарамастан және жолдың қарлы бұрқасын әсерінен көрінбеуін елеместен тәртіп сақшысы жолға шығып, қарда қалған автокөлік жүргізушілеріне жол көрсекен.

Құтқару операциясын жүргізу кезінде азаматтық қорғау органдары мен Полиция департаменті 381 адамды, оның ішінде 19 баланы құтқарды.

АКАДЕМИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРДАГЕРДІ ЕСКЕ АЛДЫ

Жуырда ҚР ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының қызметкерлері Ұлы Отан Соғысының ардагері Дмитрий Малышевтің жесірі Тамара Малышеваның үйіне барып, ер етігімен су кешкен соғыс жылдарында кеудесін оққа тосқан ардагерді еске алып қайтты.

Гүлнәр МАҒЗҰМОВА,
Алматы қаласы

Олар Тамара апаймен бірге бір отбасының тарихымен және ескі фотоальбомдарды парақтап,



Дмитрий Малышевтің өткен өмірімен танысты.

Соғыс ардагері Дмитрий Михайловичтің соғыс кезіндегі және бейбіт өмірдегі еңбегі туралы академия қызметкерлеріне мол мағлұмат беріп, ашыла әңгімелескен Тамара әже батасын беріп, ризашылығын білдірді.

Ел басына күн туған ауыр жылдарда өзінің қайсарлығымен, отансүйгіштігімен қолына қару алып, жаумен шайқасқан Дмитрий Малышевтің өткен өмірі – академия курсанттары мен жас мамандарына зор үлгі-өнеге.

КӘСІБІН КӨПКЕ ҮЛГІ ЕТТІ

Таяуда Атырауда алкоголь өнімдерін сатудан бас тартқан супермаркет басшысы марапатталды. «Жұртқа жақын полиция» қағидатын жүзеге асыру бағытында тәртіп сақшыларына жүктелген басты міндеттердің бірі – құқық бұзушылықтардың алдын алу және профилактикалық бағыттағы іс-шараларды жандандыру.

Мейірім ЕРДӘУЛЕТ,
Атырау облысы

Полиция жұмысының тиімділігін арттыру үшін жұртшылықпен тығыз қарым-қатынас орнату үчаскелік полиция инспекторларына тікелей жүктелетіні жасырын

қызмет көрсету үшін қабылдануы тиіс іс-шараларды бақылауға алуда.

Сондай кездесулердің бірінде Атырау қаласындағы №2 полиция пунктінде департамент бастығы



емес. Атырау облысында үчаскелік полиция инспекторларының жұртшылыққа көрсететін жұмыс сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету – департамент бастығы Нұрхат Оразбаевтың тікелей бақылауында.

Өңірдің бас полицейі үчаскелік полиция инспекторларының есеп беру кездесулеріне қатысып, атқарылған жұмыстар мен тұрғындардың ұсыныс-тілектерін тыңдап, нәтижелі

алкоголь өнімдерін сатудан бас тартқан супермаркет басшысына алғысын білдірді.

– Қоғамда тіркеліп жатқан құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың ішімдік ішкен күйде жасалатыны жасырын емес. Мас күйде көлік тізгінінде, ауыр зардаптарға себеп болып жатқан деректер де бар. Сіздің бүгінгі азаматтық ұстанымыңыз – теңіздің тамшысындай болса да,

өзгелерге үлгі боларлық іс. Сондықтан қылмыстың алдын алуға да үлес қостыңыз деп есептеймін, – деді Атырау облысы полиция департаментінің бастығы Нұрхат Кенжебайұлы.

Атырау қаласының қақ ортасында орналасқан супермаркеттің қоғам игілігі үшін деп осындай шешім қабылдауы – құптарлық іс. Мейірімбек Қалишанов – жеке кәсіпкер, Атырау қаласының тұрғыны. Кәсіпкердің айтуынша, алкоголь өнімдерін сатудан бас тартуды өткен жылы қолға алған. Бастапқы айларда жалпақ жұртқа жария салуды құп көрмеген. Алайда көпшілік тұтынушылар алғыс білдіріп, қолдау көрсеткеннен кейін бұл ісі өзгелерге де ой салар деген ниетпен әлеуметтік желіге жариялаған.

– Үчаскелік полиция инспекторлары үнемі профилактикалық жұмыс жүргізіп келеді. Қоғамда болып жатқан оқиғаларға осы қаланың тұрғыны болған соң бей-жай қарай алмайтынымыз рас. Алкоголь өнімдерін сатудан бас тартқан соң, осы әрекетімді өзгелерге үлгі болу үшін өз аумағымдағы үчаскелік полиция инспекторына хабарладым. Өзге кәсіпкерлерді де осы бағытта жұмыс істеуге шақырамын, – деді супермаркет басшысы Мейірімбек Қалишанов.



ШАРТАРАПҚА АЯН ШАҢҒЫ ПОЛИЦИЯСЫ

Полиция қызметкерлері қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету барысында ешбір жерді көзден таса қалдырмайды. Тіпті тау шатқалдары мен қысқы мезгілде бой сергітетін демалыс орындарындағы халықтың қауіпсіздігін де қадағалайды. Алматы қаласы полиция департаменті Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ Арнайы мақсаттағы бөлінісінің инспекторлары Алатау баурайындағы «Шымбұлақ» тау-шаңғы курортын патрульдеп, тұманда жол таппай қалған шаңғышыларға көмек көрсетеді.

Алматылық тұрғындардың көбі қыс түскен бойда Шымбұлаққа қарай жол тартады. Алайда ауа райының қолайсыздығы кейде күтпеген қиындық тудыруы мүмкін. Тұрғындардың бірі қалың тұман түскенде тау шатқалынан төмен қарай қалай түсерін, қайда бағыт аларын білмей, аласалыран күй кешеді. Сондай-ақ шаңғыны жаңадан үйреніп жүргендер жеңіл, орта жарақат алатын жағдайлар да кездеседі. Осындай уақытта Арнайы мақсаттағы бөлініс қызметкерлері көмекке келіп, олардың аман-есен үйлеріне қайтуына мүмкіндік жасайды.

Алматы қаласы полиция департаменті Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ Арнайы мақсаттағы бөлінісі бұл қызмет түрімен 2023 жылдың қараша айынан бастап айналысады. Олардың басты мақсаты – тау баурайындағы тынығушылардың қауіпсіздігіне баса мән беру, тәртіптің сақталуын қадағалау. Бұл жұмыстың жүйелі жүргізілуіне Арнайы мақсаттағы бөліністің командирі, полиция полковнигі Үсен Асылханұлы жетек-

– Халықтың келуіне байланысты әр күні әртүрлі көмек көрсетеміз. Демалушылар арасында кейде түсініспеушіліктер туындап, ұсақ бұзақылықтар болады. Ұсақ ұрлықтар да кездеседі. Ондай құқық бұзушылықтарға, теріс әрекетке жол бергендерді ұстап, учаскелік полиция инспекторларына тапсырамыз. Алғыс айтатын тұрғындар да кездеседі. Балаларын жоғалтып алса, бізден көмек сұрайды. Барынша өтініштерін орындауға тырысамыз. Кейбірі шаңғы, сноуборд секілді спорттық құрал-жабдықтарын жоғалтып алса да, оның қолды болмай, уақтылы табылуына жәрдемдесеміз, – дейді Әмірхан Ғүлалиұлы.

Өз міндеттеріне адал, айтылған тапсырмаларды бұлжытпай орындайтын Арнайы мақсаттағы бөлініс қызметкерлері қылмыстың алдын алуға күш салады. Олар мемлекеттік органдар – Төтенше жағдай басқармасы, Жедел-жәрдем қызметімен және «Шымбұлақ» тау-шаңғы курортының қауіпсіздік қызметімен бірлесіп, жұмыс істей-

**Гауһарай ЕСИМОВА
Суреттер Алматы
қаласы ПД
Баспасөз қызметінен
алынды**

сы. Тарбағатай тауының етегінде өскендіктен, шаңғы тебуді бала кезден біледі. Сол спорттық дағдысы кәдеге жарап, бүгінде тұрғындарға көмегін тигізіп жүр. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қатарына қосылғанына үш жыл болған. Жас маман өзінен тәжірибесі мол әріптестерінің ардайым өз білгенімен бөлісіп, қызметке бейімдейтін жеткізді. Сақшы ретінде қызмет атқарғанына он жылдан асқан Танат Бейсебеков өзінің жұмысы осы шаңғы спортымен байланысты болғанына риза. Оның айтуынша, жұмыс барысында адамдардың алғысын арқалаған сәт қуанышқа бөлейді, бір жағынан таза ауада салауатты өмір салтын ұстану денсаулыққа пайдалы екенін жеткізді. Бір қызығы, олар өздері көмек көрсеткен адамдардың аты-жөнін де білмейді. Себебі жедел көмек көрсетіп



шілік жасайды. Барлығына бас-көз болып, кезекшіліктің уақтылы орындалуына жауаптылық танытады. Күніне 4-5 қызметкер кезекшілікке түседі. Жалпы, кезекшілікте болатын 16 адам бір-бірімен алмасып отырады.

Солардың бірі – Алматы қаласы полиция департаменті Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ Арнайы мақсаттағы бөлінісінің рота командирі, полиция подполковнигі Әмірхан Мұхтарұлы. Ол ішкі істер органдарында 2008 жылдан бері қызмет атқарады. 2019 жылы осы бағытта қызмет көрсетушілердің топ басшысы болып тағайындалған. Шаңғы тебуді бала кезінен бастаған. Алматы қаласының тумасы. Әскери «Орталық спорт клубы» мектебінің түлегі. Шаңғыдан спорт шеберіне үміткер.

ді. Ұсақ бұзақылықтар мен ұрлықтар болғанымен, тауда жаппай тәртіпсіздікке жол берілмейді. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, олар өз жұмысын тоқтатпайды. Керісінше, мұндай күндері сақшылардың жұмысы қызады.

– Қарлы боран болғанда, айналаны тұман басқанда адамдарды таудан төмен қарай түсіреміз. Жарақат алғандар болса, оларға алғашқы медициналық көмек көрсетеміз. Жақында Испаниядан келген азамат бізбен суретке түсіп, өзінің әлеуметтік желісіне жариялайтынын айтты. Курортқа келушілерге көмек керек болған жағдайда қолымыздан келгенше әрекет етеміз, – дейді Руслан Мақсұтұлы.

Рота инспекторы Руслан Даутов – Семей қаласының тұма-

жүріп, адамдардың амандығын бірінші орынға қояды.

Шымбұлақтағы шаңғы полициясы шартарапқа аян. Себебі түрлі елден келген туристердің барлығы олардың қызметіне қызығушылық танытады. ТМД-да теңдесі жоқ сақшылар адамдардың қауіпсіздігіне баса мән береді. Тау мен шатқалда, үнемі қалың қардың ортасында жүретін олардың жұмысы қашан да тығыз. Тауда да тәртіптің сақталуын қадағалайды.

Осындай күнделікті жұмыстың әсерінен мұнда келеңсіздіктер орын ала бермейді. Десе де, «Сақтықта қорлық жоқ» деген ұстаныммен анына адал қызметкерлер Алатау баурайында тыныштықтың сақталуына барын салады.

СПОРТ

БОЗ КІЛЕМДЕ БАЛУАНДАР БЕЛДЕСТІ

Орал қаласында облыстық күш құрылымдары қызметкерлері арасында қазақ күресінен жарыс өтті. Бұл шараны ұйымдастыруға БҚО бойынша «Динамо» дене шынықтыру және спорт қоғамы», облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы, сондай-ақ, облыстық полиция департаменті мұрындық болды.

**Асылай ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
БҚО ПД**

Қазақ күресінен өткен жарыста ҰҚК Шекара қызметі, ТЖД, Ұлттық ұланның 5517 әскери бөлімі, ҚАЖД, МКҚБ және Полиция департаментінің командалары бақ сынады. Жарысқа жалпы 66 адамнан құралған 11 команда қатысты.

Ашылу салтанатында БҚО ПД бастығының орынбасары, полиция полковнигі Абылайхан Серіков сөз

командасынан Қазбек Айболатов иеленсе, 74 келі салмақ дәрежесінде 1-орынды БҚО ПД қызметкері Бауыржан Гүмаров алды. Ал 90 және 82 келі салмақ дәрежесінде 1-орынды Шекара қызметінің қызметкерлері Ерлан Мұсағалиев пен Ақылбек Зайдолла иеленді. 100 келі салмақ дәрежесінде



сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Әртүрлі салмақ дәрежесінде бақ сынасқан спортшылар жүлделі орындарды өзара бөлісті. 66 келі салмақ дәрежесінде 1-орынды Полиция департаментінің құрама

де 1-орынды Полиция департаментінің қызметкері Айбар Қалиев иеленді. Командалық есепте жүлделі 1-орынды БҚО Полиция департаментінің командасы қанжығаларына байлады.

ШАҢҒЫ ЖАРЫСЫ ӨТТІ

Құқық қорғау органдарының қызметкерлері арасында «Динамо» дене шынықтыру және спорт қоғамы» ұйымдастырған спартакиадаға солтүстікқазақстандық тәртіп сақшылары да қатысты.

**Игорь МЕРЦАЛОВ,
СҚО ПД Баспасөз қызметі**

Жылдағы дәстүрге сай спартакиаданың алғашқы түрі Петропавлдағы Борки кентінде өткен шаңғы жарысы болды. Жарысқа он ұжым қатысты. Спартакиаданың ашылуына ««Динамо» дене шынықтыру және спорт қоғамы» Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Талғат Туғанбаев, құрметті ардагер-динамошы Бауыржан Құлжанов қатысты. Спортшылар алдында сөз алған Бауыржан Ниязұлы өңірдегі бірқатар полицейлердің республикалық және әлемдік арена-ларда биіктен көрініп жүргенін атап өтті. Олар – қазақ күресінен чемпион Батырхан Қайырбек, халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері Нұрсұлтан Жақыпов (кикбоксинг) пен Наталья Богданова (бокс).

Жарыс жолына алғашқы болып әйелдер шықты. Нәзік жандардың

суырылып шығып, мәреге бірінші келді. Ер адамдар арасында ҚР спорт шебері, полиция лейтенанты Илияс Жұманов жеңімпаз атанды.

Командалық есепте ҚР ҰҚК Шекара қызметі департаментінің қызметкерлері чемпион атанды. Екінші орынды СҚО Полиция департаментінің шаңғышылары иеленді, үшінші орын ҚР Ұлттық ұланы академиясының спортшыларына бұйырды. Жеке есептегі жеңімпаздарға бағалы сыйлық, жүлдегерлерге кубок пен грамота табысталды.

– Спорт – дене шынықтыруды дамытуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға мүмкіндік беретін полиция қызметінің ажырамас бөлі-



арасында осындай жарыстардың жеңімпазы, Президенттік көпсайыстан ҚР спорт шеберіне үміткер, полиция капитаны Лидия Логинова


гі болып табылады, – дейді СҚО ПД арнайы және жұмылдыру даярлығы басқармасының бастығы, полиция майоры Орал Хамзин.



2014 жылы Астана қаласы Ішкі істер департаментінің **Касымова Розаға** берген зейнеткерлік куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.



Данагүл Досанова, 2-жасақ бастығы



Динара Ачетырова, 4-жасақ бастығы

ЖАЗАЛЫ ЖАНДАРДЫҢ ЖАНАШЫРЫ

Сотталғандармен жұмыс істеудің өзіндік ерекшелігі, қиындығы, тіптен қызығы да жетерлік. Жалпақ тілмен айтқанда, түзеу мекемесіне жай адамның түспейтіні айдан анық. Тіптен еркін өмірде алмаған тәрбиені түзеу мекемесінде бойына сіңіретіндер де жетерлік. Қалай десек те, адамның жан-дүниесін темір тор өзгертпей қоймайды.

Тек қыздар қауымы жұмыс істейтін жасақта тәртіп пен талап тең болады дегенге сенер ме едіңіз? Тап солай! Қатаң тәртіп, талапшылдық, шектен тыс тазалық, асқан жауапкершілік – бәрі осы бөлімнен табылады. Оған Табиғат – ананың сыйлаған сұлулығы мен нәзіктігін қосыңыз. Табалдырықтан аттаған сәттен жинақылық пен ұқыптылықтың лебі еседі. Сотталғандардың құжаттары, толған қағаз, папкалар шкаф сөрелерінде рет-ретімен, қаз-қатар жиналып тұр. Әдемі бір үйлесімділік бар. «Сәннің кілті – сәйкестікте» деп

Әл-Фараби бабамыз айтқандай, әр зат өз орнын тапқан. Қызғалдақтай құлпырған қызмет формасындағы төрт қызметкер бізді жылы қарсы алды. Бұлар – Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты №50 әйелдер жазасын өтейтін түзеу мекемесінің қызметкерлері, жасақ бастықтары.

Қазіргі уақытта аталмыш мекемеде 300-ден астам әйел жазасын өтейді. Ал осы мекемеге түскен әр сотталғанның бостандыққа шыққанға дейін қасында жүретін адам, ол – жасақ бастығы. Әйелдер колониясында

төрт жасақ бар. Төрт жасақ бойынша 70-тен аса жазасын өтеуші әйел бостандыққа шығатын күнін күтуде.

Жасақ бастығының жұмыс күні өз жасағындағы жазасын өтеуші азаматтарды тізім бойынша таңғы тексеріс жұмыстарын жүргізумен басталады. Барлығының жасақта екеніне көз жеткізгеннен кейін мекеме бастығы бекіткен күн тәртібіне сәйкес жұмыс жүргізеді. Таңғы сағат 6.00-де ұйқыдан тұрған сотталғандар 6.30-ға дейін төсек-орындарын

жинап, жуынып-шайынып үлгеруі керек. Ары қарай таңғы ас ішу, түзеу мекемесі аумағын тазалау, кейін арқайсысы өзіне бекітілген жұмыс бойынша іске кіріседі. Таңғы сағат 9.00-ден түскі 13.00-ге дейін әрбірі өзіне берілген тапсырманы орындауға міндетті. Түскі ас ішер алдында аты-жөні бойынша тексеру жүргізіледі. 14.00-де қайта жұмысқа шығады. Кешкі 18.00-де тәрбиелік іс-шара уақыты басталады. Ол кезде түрлі танымдық бейнероликтер көрсетіліп, лекция оқылады. Кешкі тексеру уақытынан кейін жазасын өтеушілер кешкі ас ішуге отырады. Кешкі сағат 20.00 – 21.30 аралығы – сотталғандардың жеке уақыты. Яғни, олардың бірі өлең жазып, енді бірі кітап оқып дегендей, сүйікті ісімен айналысатын кезең. Кешкі сағат 22.00-де ұйқыға жатады.

Міне, осы уақыт аралығының

барлығы жасақ бастығының жауапкершілігінде. Тіпті жасағындағы сотталғанның денсаулық жағдайына байланысты дәрігерге қарату да жасақ бастығының тікелей міндетіне кіреді. Зандағы өзгерістер мен түрлі жаңалықтарды да жасақ бастығы жазасын өтеушілерге егжей-тегжейлі түсіндіріп береді. Тіпті туған-туыстарынан жырақтап қалғандардың арасында алтын көпірге айналып, байланыстарының үзілмеуіне себепші болып жүретін де жағдайлар жиі кездеседі.

Жазалы жандардың жанашырына айналған жасақ бастықтарының қызметі қауыр. Жазасын өтеушілерді қоғамға ақылы толысқан, өмірге деген көзқарасы қалыптасқан адам етіп қайтару жолында аянбай еңбек етіп жүрген жасақ бастықтарының жұмыс күні осылай аяқталады.

Зарина БАЙХАДАМОВА,
СҚО бойынша ҚАЖД



Сәния Негметжанова, 3-жасақ бастығы



Раушан Айсенова, 1-жасақ бастығы



МЕНШІК ИЕСІ:
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС
Бас директор
Лаура ЖАКУПОВА

РЕДАКЦИЯ:
Шеф-редактордың м.а.:
Айнұр ЖЫЛҚЫШИНОВА
Тілшілер:
Гауһарай ЕСІМОВА
Раушан НАРБЕК
Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді
• Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
• Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
• Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
• Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді
• Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
• Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Газет айына 4 рет шығады.
Басылым «Медиа-холдинг Егип» ЖШС баспаханасында басылады.
Астана қаласы, Алматы ауданы, Сілеті к-сі, 30
Индексі: **65395**
Таралымы: **23178**
Тапсырыс: **№ 312**

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:
ИИК – KZ74856000000147459
БИК – KZJBKZKX
БИН – 051040005963 КБЕ-16
«БанкЦентрКредит» АҚФ
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010000, Астана қаласы,
Майлин көшесі, 4/1.
Телефон: 8 (7172) 37-88-64,
ішкі нөмір 115
www.mediaovd.kz
Эл. пошта: saqshy@mediaovd.kz